

# Үлкен жауапкершілік жүктейді

Еліміздің білім беру саласы қызметкерлерінің және құзырлы орындардың талқылауынан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2019 жылғы 27 желтоқсан күні «Педагог мәртебесі туралы» Заңға қол қойды. Осы хабарды асыға күткен әрі заң жобасын талқылауға қатысқан М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің «Зантану және халықаралық қатынастар» факультетінің оқытушылары қабылданған заң талаптарын қолдап, қуаттауда. Онда педагогтардың құқықтарын кеңейту мақсатында, атап айтқанда, кәсіби қызметті жүзеге асыру кезіндегі педагогтың құқықтары; педагогтың материалдық қамтамасыз ету құқығы; педагогтың көтермелеу құқығы сенімді үш бағыт нақты көрсетілген. Ең бастысы, заң ережесі бойынша педагогты оның кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға, шамадан тыс есеп беруге, қағазбастылыққа, негізсіз тексеру жүргізуге тиым салу арқылы жүктемені азайту бойынша жеке



нормалар көзделген. Сондай-ақ, педагогикалық этика мәселелеріне де назар аударылып отыр. Яғни енді әрбір білім мекемесінде әдеп бойынша кеңестер институты енгізіліп, жұмыс істейтін болады.

Факультеттің профессор-оқытушылары заңда қарастырылған жергілікті атқарушы органдар педагогтардың балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі ұйымдардан бірінші кезекте орын беру мәселесін және педагог қыз-

меткерлердің алдағы уақытта 56 күндік демалысқа шығу тәртібін қызу мақұлдады.

Сонымен қатар ауыл мұғалімдеріне қарастырылған жеңілдіктер де қолдауға тұрарлық. Бұл заңда ауылдағы педагогтардың жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін алуына басымдық беру қарастырылған. Білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін ер азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру нормасын да оқытушылар қанағат сезімімен қабылдады. Өйткені, осы норма бұрын тек ауылдық жерлердегі білім саласында жұмыс істейтін ер азаматтарға қатысты болса, енді ол біршама кеңейтіліп отыр.

Мемлекет басшысының былтырғы Тамыз конференциясында алдағы төрт жыл ішінде мұғалімдердің еңбекақысын екі есеге арттыру жөніндегі тапсырмасының аясында осы қаңтар айынан бастап олардың жалақысы 25 пайызға өсетіні де ұстаздарға шабыт берері сөзсіз.

Иә, «Педагог мәртебесі туралы» Заңда қарастырылған жеңілдіктер мен басымдықтар кімге де болса қуаныш сыйлайды. Алайда, оның үлкен жауапкершілік жүктейтінін де ұмытпаған жөн. Бұл жайында атаған заңның баптарында: «Педагог міндеттерін бұзғаны және педагог атағына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылады» және «Педагогқа қатысты қызметтік талқылаулар, тәртіптік тергеп-тексерулер және олардың негізінде қабылданған шешімдер тек оның келісімімен ғана жариялануы мүмкін» деп көрсетілген.

Бір сөзбен айтқанда, мәртебеніз биік болсын, әріптес!

**Жамбыл ОРЫНТАЕВ,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**ОҚМУ-дің «Зантану және**  
**халықаралық қатынастар»**  
**факультетінің деканы,**  
**заң ғылымдарының кандидаты,**  
**профессор.**